

Астана қаласы әкімдігінің №49 «Алтынай» балабақшасы МКҚК



№4 педагогикалық кеңестің хаттамасы

Астана, 2025

**Педагогикалық кеңестің
№ 4 хаттамасы**

Өткізу мерзімі: 2025 жыл 31 наурыз

Тақырыбы:

«Педагогтердің өздігінен кәсіби дағдыларының жүзеге асуының қалыптасуы »

Қатысқан: педагогикалық ұжым

Күн тәртібінде:

1. № 3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.

Меңгеруші: Ж. Дюсенова

2. **Тақырыптық тексеріс:** «Тәрбиешілер мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас»

Әдіскер: Л. Дуйсекулова

3. Баяндама «Ұлттық салт- дәстүріміз тәрбиенің көзі»

Тәрбиеші: А.Ералы

4. **Іс-тәжірибе:** «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі

Тәрбиеші : А. Қосбармахова

5. **«Абай аманаты»** эксперименталды алаңының жұмысы туралы

Инновация әдіскері: А. Абдукадирова

6. Шебер сынып: «Абай туындылары арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеу»

Ересек топ тәрбиешілері: А. Мықтыбаева, Л. Андасова, А. Назарова

7. Педагогикалық кеңестің шешімін қабылдау және бекіту

Меңгеруші: Ж. Дюсенова

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз бастаған балабақшаның меңгерушісі Ж. Дюсенова педагогтерді №4 педагогикалық кеңестің күн тәртібімен таныстырды. Өткен №3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімінің орындалуына тоқталды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақшаның әдіскері Л. Дуйсекулова «Тәрбиешілер мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас» туралы тақырыптық тексерісінің нәтижесіне тоқталды. Ата-аналармен жүргізіп отырған жұмыстарының тиімді жақтарын айтып, түрлі балабақша ішкілік іс-шараларға жұмылдыра отырып тіл табысу және ынтымақты орта құруға бағытталған кеңестерін беріп өтті. Әрбір іс-шараға қатыса отырып ата-ана балабақшаның ішкі өміріне үңіліп, педагогтердің қиындыққа толы дегенімен де қызықты жұмысын бағалайтынын түсіндірді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша сөз сөйлеген балабақшаның тәрбиешісі А. Ералы «Ұлттық салт- дәстүріміз тәрбиенің көзі» тақырыбындағы баяндамасымен бөлісті. Бала тәрбиесіндегі ұлттық салт-дәстүріміздің маңыздылығын ашып түсіндірді. Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыра отырып барлық педагогтер қауымын күнделікті бала бойына сіңіріп отырған салт-дәстүрімізді кеңінен насихаттауға шақырды. Мектепке дейінгі жаста баланың бойына қандай құндылықтарды сіңіретін болсақ есейген кезде де сол құндылығын сақтайтынын, елінің патриоты болатынын сөз етті.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша сөз алған балабақшаның тәрбиешісі А. Қосбармахова «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі арқылы педагогтермен іс-тәжірибе өткізді. Педагогтерге сұрақ қойып ойландырып, пікірталастырды. Жұптаса отырып тапсырманы орындап, нәтижесін бір-бірімен бөлісудің тиімділігін түсіндірді. Дәл осы әдісті мектепалды топтарында тәрбиеленушілерге жеке жұмыс, жұптық жұмыс және топтық жұмыс жүргізу барысында қолдануға кеңес берді. Бұл әдіс арқылы балалар бірлесе, ауызбіршілікте жұмыс жасауға, бірін-бірі тыңдауға, өз ойларын ортаға еркін сала білуге үрететінін айтып өтті.

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша балабақшаның инновация әдіскері А.Абдукадирова «Абай аманаты» тақырыбындағы эксперименталды алаңының жарты жылдық жұмысының есебін берді. Эксперименталды алаңның мақсаты балаларға қазақ тілін меңгертудің тиімді жолын анықтау, қазақ тілі арқылы ұлттық құндылықтарды дамыту екенін атап өтті. Оқу жылының басынан бері эксперименталдыалаң тобы және бақылаушы топтардың атқарып жатқан жұмыстарына тоқталып, бастапқы және аралық мониторинг көрсеткішімен таныстырды.

Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша балабақшаның эксперименталды алаңның тәрбиешілері А.Мықтыбаева, Л.Андасова, А. Назарова бірлесе отырып «Абай туындылары арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеу» шебер сыныптарын көрсетті. Ересек топтарында ойнатылып жүрген ұлттық құндылықтарға бағытталған ойындарын таныстырып, педагогтермен сол ойындарды ойнады. Абай туындыларын мнемокесте арқылы жаттауға, есте сақтауға бағытталған сөздік ойындарын насихаттады.

Шешімдер қабылданды:

1. Біртұтас тәрбие бағдарламасын әлеуметтік желілерде кеңінен насихаттап, жоспары жүйелі түрде іске асырылсын

Жауапты: әдіскерлер, тәрбиешілер, педагогтер

2. «Абай аманаты» эксперименталды топтарының тәрбиешілері ІІ жарты жылдық соңына дейін картотека жазып, №5 пед кеңесте қаралсын

Жауапты: инновация әдіскері, тәрбиешілер

3. Насихатталған ойындар күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекеттерде жүйелі түрде қолданылсын

Жауапты: әдіскерлер, тәрбиешілер, педагогтер

4. Осы шешімдердің орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Менгеруші:

Хатшы:



Ж. Дюсенова

А. Қосбармахова